

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Әскери кафедра қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы
заңнама нормаларын түсіндіру бойынша кездесу

ХАТТАМА

«04» маусым 2024 ж.
Сағат 15:00

С.Сүлейменов атындағы
340 – мәжіліс залы

Қатысқандар: Басқарма төрағасы-ректор м.у.а. Қ.Нұрманбетов, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жетекшісі Г.Дулатова, Әкімшілік департаментінің директоры М.Чингисбаев, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары С.Пернебеков, Цифрландыру департаментінің директоры М.Уатбаев, Әскери кафедра бастығы Ж.А.Кенжебаев және кафедра қызметкерлері (қосымшада көрсетілген тізімге сәйкес -24).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің 4/20-1/3193 – жеделхатында көрсетілген талаптарды орындау тетіктерін қарастыру.
2. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын, М.Әуезов атындағы ОҚУ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Әдеп кодексі мен Академиялық адалдық қағидалары нормаларын түсіндіру.
3. М.Әуезов атындағы ОҚУ Әскери кафедрасы қызметіндегі тәуекелдерге талдау және тәуекелдерді жоюға бағытталған ұсынымдарды талқылау.

Сөз алды: Басқарма төрағасы – ректор м.а. Қ.Е.Нұрманбетов.


Басқарма төрағасы-ректор м.у.а. Қ.Нұрманбетов Әскери кафедраның университеттің дербес құрылымы ретінде ҚР Қорғаныс министрлігінің талаптарын, бұйрықтарын басшылыққа алып, бекітілген ішкі актілерге сәйкес жұмыс жасайтынын айтты. Құрылым жұмысын ұйымдастыруда академиялық адалдық, ашықтық және айқындық қағидаларын ұстану, ішкі құжаттардағы рұқсаттар, шектеулер мен тыйымдарды сақтау қажеттілігін ескертті. Сондай-ақ, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі тарапынан тұрақты түрде әрбір құрылым қызметіндегі тәуекелдер зерделеніп, Басқармаға жұмыс сапасын жақсартуға бағытталған ұсынымдар берілетінін мәлімдеп, сөз кезегін комплаенс-қызметінің жетекшісі Г.Дулатоваға ұсынды.

Сөз алды: Г.С.Дулатова.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің 4/20-1/3193 санды жеделхатын басшылыққа алып, профилактикалық іс-шараларды іске асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы

заңнама нормаларын түсіндіру, этика құндылықтарын насихаттау мақсатында заңнама мен ішкі актілер нормаларын түсіндірді.

Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының кез-келген көрінісі үшін жазаның бұлтартпастығын, пайдакүнемдік сипаттағы іс-әрекеттер немесе жұмыс берушінің мүддесін жеке мақсаттарға пайдалану, алаяқтық, заңсыз сыйақы алу, беру, талап ету, т.б. заң бұзушылықтар үшін жауаптылық түрлерін ескертті.



Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 9 бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесіне, жемқорлыққа қарсы білім беру мен мәдениетті арттырудың маңыздылығына тоқталды.

Сонымен қатар 2022 жылы Әскери кафедра қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың жүргізілгенін, тиісті ұсынымдар берілгенін атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, қаржылық бақылау шаралары, қаржылық шектеулер мен мүдделер қақтығысының алдын алу сияқты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына ықпал ететін себептер туралы ақпараттандырды.



Әскери кафедра қызметкерлеріне М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің Сыбайлас жемқорлық қарсы сандарты, Әдеп кодексі және Академиялық адалдық қағидалары нормаларын таныстыру үшін жыл сайын кездесу өткізіліп, ішкі актілер тиісті интернет-ресурстарға орналастырылатынын хабарлады.

Қосымша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің кері байланыс арналары, әлеуметтік желі парақшалары және 1424 номерін таныстырды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Әскери кафедра қызметіндегі тәуекелдер картасы ұсынылды (қоса тіркелді).

Тәуекелдердің негізгі бағыттары:

- қызметкерлерді жұмысқа қабылдау;
- оқытушылардың оқу жүктемесін бөлу;
- оқу процесін ұйымдастыру;
- іріктеу байқауын өткізу және студенттерді қабылдау.

Әрбір тәуекелдің индикаторлары көрсетіліп, оларды жоюға бағытталған ұсынымдар таныстырылды.



Сөз алды: Басқарма төрағасы-ректор м.у.а. Қ.Е.Нұрманбетов сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жеке-жеке талқылауды ұсынып, әр индикатор бойынша пікір білдіру үшін Әскери кафедра бастығы Ж.А.Кенжебаевқа сөз ұсынды.

Ж.А.Кенжебаев жалпы профилактикалық сипаттағы ақпараттандыру-түсіндіру жұмыстары тұрақты өткізілетінін, атқарылған жұмыстар нәтижесі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне бағынысты аумақтық органдармен бірлескен іс-шараларда талқыланатынын хабарлады. Сондай-ақ, тәуекелдердің әрбір индикаторы бойынша жеке пікірін білдірді.

Сөз алды: Басқарма төрағасы-ректор м.у.а. Қ.Е.Нұрманбетов.

Ұсынылған тәуекелдер бағыттарын өзі жеке-жеке оқып, талқылауды ұсынды. Іс-шараға қатысу үшін шақыртылған университеттің өзге құрылым

басшыларына сөз ұсынып, аталған құрылымдар мен Әскери кафедра қызметін мемлекеттік құпияны құрайтын құжаттармен жұмысты қоспағанда, өзге бағыттарда қызметті бірлесе отырып ұйымдастыру, іске асыру мүмкіндігін талқылады.

Комплаенс-қызметінің ұсынымдары, іс-шара қатысушыларының ортақ талқылаулары нәтижесінде тиісті тұжырымдар жасалды.

ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕ АҚ-ның ішкі актілерінің нормалары басшылыққа алынсын.

2. Әскери кафедра мен Әкімшілік департамент тарапынан Әскери кафедра қызметкерлерін жұмысқа қабылдау процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуге бағытталған тиісті ұсыныс жобасы дайындалсын.

3. Білім беру процесіндегі негізгі академиялық мәселелерді (оқу жүктемесі, әдістемелік жұмыстар, сабақ кестесі, т.б.) университеттің Академиялық мәселелер жөніндегі департаментімен бірлесе іске асыру мүмкіндігі қарастырлсын.

4. 2024-2025 оқу жылында кафедра қызметін цифрландыру мақсатында Әскери кафедра мен Цифрландыру департаменті тарапынан арнайы модуль жобасы дайындалсын.


5. Әскери кафедраға іріктеу байқауын өткізу мен студенттерді қабылдау барысына бақылау күшейтілсін.

6. Оқуға түсушілердің дене шынықтыру дайындығы мен психологиялық тестілеу барысын бейнетіркеу қамтамасыз етілсін.

7. Оқуға түсуге қатысты мәселелер бойынша азаматтардың өтініштері мен арыз-шағымдарын объективті қарау қамтамасыз етілсін.

8. Профилактикалық сипатта ұйымдастырылған іс-шара туралы ақпарат университеттің ресми интернет-ресурсы мен әлеуметтік желі парақшаларына орналастырылсын.

Басқарма төрағасы – ректор м.у.а.



Қ.Е.Нұрманбетов

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметінің жетекшісі



Г.С.Дулатова

Хатшы:

Д.Құрасбек